2014 жылдың 30 шілдесінде «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Мүлікті жария ету мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталды және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады.

Құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген, Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікті жария ету үшін құжаттарды беру мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталды және 2016 жылғы 30 қарашада аяқталады.

Мүлікті (ақшадан басқа) жария ету үшін қалалық комиссияға жария ету субъектілері мынадай құжаттар тапсырады:

1) Аталған Заңның 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі данада мүлікті жария етуді өткізуге арналған өтінішті (бұдан әрі – өтініш);

2) өтінішті берген кезде түпнұсқасын көрсету арқылы жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) ғимараттар мен құрылыстарды объектінің құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкестігіне техникалық тексеруді жүзеге асыратын аттестатталған сарапшының қорытындысы

4) жылжымайтын нысанның техниалық паспорты.

Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуге ұсынылған құжаттар келесі мекен жай бойынша қабылданады: **Приозерск қ-ы, Пушкин 7 көшесі әкім аппараты ғимараты, 2 қабат, № 18 каб.**

**Жұмыс істеу уақыты: дүйсенбіден жұма аралығына дейін – сағат 09-00 бастап 18.00 дейін.- Түскі асқа үзіліс – сағат 13.00 бастап 14.30 дейін. Тел.: 5-41-97**

**ММ «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі»**







*Жат ағымдардан сақтанайық!*

# ДІНИ АҒЫМДАР ТУРАЛЫ СЕМИНАР

Өткен жұма күні № 2 мектепте біздің ислам дінінен басқа бағыттағы, жастар мен жасөспірімдерді тура жолдан тайдырып жүрген және жалпы қоғамға қатер төндіретін топтардың бүгінгі зиянды әрекеттерін әшкерелейтін тақырыпта семинар-тренинг өткізілді. Оған қаладағы үгіт-насихат тобының мүшелері, қала имамы мен шіркеу қызметкері, ұстаздар қауымы және жастар өкілдері қатысты. Семинарда «Діни-психологикалық-құқықтық конультация орталығы орталығы қоғамдық бірлестігі» қызметкері, дінтанушы, фиолософия магистрі Николай Викторович Мерзляков және Қарағанды облысы дін басқармасының инспекторы Ержан Рымханұлы Бедеров жиылғандар алдында баяндама жасады. Онда бүгінгі таңдағы теріс бағыттағы діни ағымдардың жер-жаһан мен елімізге тигізіп отырған кеселді ықпалы мен оларға қарсы әрекет пен күрес жайы әңгіме өзегі болды. Бұл діни ағымдар әсіресе тұрақты жұмысы жоқ, тұрмыс деңгейі нашар, баспанасыз, білім дәрежесі төмен жастарды тез өз жақтарына шығарып алатыны, ондай теріс бағытты ұстанған топтар мүшелерін айқындап, тиісті орындарға жедел хабар беру жайында сөз болды. Сондай бағыттағы топтардың ең белсендісі – «Уаһһабилердің» алға қойған мақсаттары мен іс-әрекеттері туралы түсінік берілді.



Баяндамашыға семинарға қатысушылар тарапынан әртүрлі тақырыптарға қатысты сауалдар беріліп, қанағаттанарлық жауап қайтарылды. Семинар барысында қала имамы Дәуіт Сейтқалиұлы сөз сөйлеп, осы бағыттағы біраз күрделі мәселелерге тоқталды. Жалпы қоғам үшін маңызды семинар пікірталас жағдайында өтті.

**Н.ӨТЕП**

*«Еңбек етсең емерсің...»*

# ЕҢБЕК ПЕН ҚОҒАМ

Қоғам дамудың қандай жоғары деңгейіне жетпесін, адамдар азық-түліксіз, киім-кешексіз, баспанасыз т.б. материалдық игіліксіз өмір сүре алмайды. Бұл игіліктерді табиғат дайын күйінде бере алмайды, Ол игіліктерге ие болу үшін адам еңбек етуі тиіс. Еңбек — адамның табиғи қажеті, қоғам өмірінің негізі. Сол себепті де өндірістік, материалдық игіліктер өндірісі қоғамдық дамудың басты, шешуші күші болып табылады.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мемлекет басшысы бағдарламалық мақаласы арқылы бүкіл қазақстандық қоғамға үндеу тастап, дағдарыс салқыны әлі де есіп тұрған осы шақта ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, елді ұйытатын мәселені айқындап отыр. Бір сөзбен айтқанда, ғаламды жайлаған дағдарыстан сауатты қорғану үшін Елбасы Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай қадам жасауды ұсынады. Ал ондағы бағдарлаған басты принцип «еңбек етсең емерсің» - деген қағидамен дөп келеді.

Елбасы айтып көрсеткеніндей, әлеуметтік мәселелерді кейінге қалдыруға болмайды. Ал әлеуметтік жаңғыртуды жүзеге асыру мемлекеттің ғана емес, қоғамның әрбір мүшесінің міндеті. Бағдарламалық мақаланың негізгі өзегіне келсек, ең алдымен әлеуметтік жаңғыртуды теңдестіру, әлеуметтік-еңбек қатынастарының тиімді үлгісін жетілдіру, әрбір қазақстандықтың еңбегін еселей отырып, тұтыну идеологиясы мен жаппай масылдықпен күрес, еңбек өнімділігі мен еңбек құндылығына баса мән беріледі. Мақалада атап көрсетілгеніндей әлемдік өркениеттің барлық құнды-лықтары, экономикалық және мәдени байлықтар виртуалды қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалады. Сондықтан әлеуметтік жаңғырту саясатының негізіне шынайы өндірістік еңбектің қойылуы өте орынды саналмақ. Жалпы қоғамды еңбекке жұмылдыру арқылы азаматтардың мақсат-мұраттарына, ал тұтас мемлекеттің даму дең-гейін одан сайын жақсартуға болатынын алға тартады. Расында, ата-бабаларымыз елдің көсегесі еңбекпен көгеретінін, еңбек арқылы ғана ұшпаққа шығуға болатынын талай ұрпағына аманат ретінде айтып кеткені белгілі. Қазақстандық қоғамда бүгінгі еңбек қатынастарында не маңызды? «Халықтың әл ауқатының жақсаруы ең әуелі саналы, еңбекқор, кәсіп пен бәсекеге бейім ұрпақ тәрбиелеудің кепілі болатыны белгілі. Бұл үшін қоғамды негізгі бас идіретін мәселе - әділеттілік қағидаттарын алға шығару деп білеміз. Еңбек сіңіруден бастап марапат беруге дейін мемлекет қана емес, қоғамның да көзқарасы әділ болғаны дұрыс. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясы - ел игілігі жолында қажырлы еңбек етуге үндеп, қоғам дамуындағы еңбектің рөліне аса зор мән береді.

**Приозерск қаласының Әділет басқармасы**

**ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ**

## «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 25 МАУСЫМДАҒЫ XXXIV СЕССИЯСЫНЫҢ № 34/238 «ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ»

**Приозерск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 49/383 шешімі.**

**Қарағанды облысы Әділет департаментінде нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне 2016 жылғы 23 ақпанда № 3677 болып енгізілді.**

**Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы XXXIV сессиясының №34/238 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» **Заңына**, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы XXXIV сессиясының № 34/238 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2690 тіркелген, 2014 жылғы 25 шілдедегі № 30/363 «Приозерский вестник» газетінде, 2014 жылғы 29 шілдедегі «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

9 тармақтың 4) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«4) ең төменгі күнкөріс деңгейіне 0,6 еселік қатынаста шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.»;

келесі мазмұндағы 16-1 тармақпен толықтырылсын:

«16-1. Өтініш беруші әлеуметтік келісімшарт бойынша әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген жағдайда азаматпен әңгімелесу жүргізеледі.»;

келесі мазмұндағы 25-1 тармақпен толықтырылсын:

«25-1. Әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмек отбасының (адамның) еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысқан шарттарда және отбасы (адам) мүшелерінің, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты әрекет ететін мерзім ішінде әлеуметтік бейімделуі қажет болған жағдайда көрсетіледі және ай сайын немесе үміткердің өтініші бойынша үш айға біржола төленеді.»;

келесі мазмұндағы 25-2 тармақпен толықтырылсын:

«25-2. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы «Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты мен отбасыға көмектің жеке жоспары нысандарын бекіту туралы» № 88 бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес жасалады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10474 болып тіркелген).»;

келесі мазмұндағы 25-3 тармақпен толықтырылсын:

«25-3. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты алты айға, бірақ отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіптік оқуын аяқтамаған және (немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда бір жылдан асырмай алты айға ұзарту мүмкіндігімен жасалады.»;

келесі мазмұндағы 25-4 тармақпен толықтырылсын:

«25-4. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты екі данада жасалады, оның біреуі өтініш берушіге тіркеу журналына қол қойғызу арқылы беріледі, екіншісі – отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасаған уәкілетті органда сақталады.»;

30 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«30. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі және есепке алуды уәкілетті орган «Е-собес» және «Әлеуметтік көмек» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорларын пайдалана отырып жүргізеді.».

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы Е.Балтышев**
**Мәслихат хатшысы Б. Сәрсембеков**

## «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В РЕШЕНИЕ XXXIV СЕССИИ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 25 ИЮНЯ 2014 ГОДА № 34/238 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ОКАЗАНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ, УСТАНОВЛЕНИЯ РАЗМЕРОВ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПЕРЕЧНЯ ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ НУЖДАЮЩИХСЯ ГРАЖДАН ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

**Решение Приозерского городского маслихата от 05 февраля 2016 года № 49/383.**

**Зарегистрирован в Департаменте юстиции Карагандинской области в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3677 от 23 февраля 2016 года.**

**О внесении изменений и дополнений в решение XXXIV сессии Приозерского городского маслихата от 25 июня 2014 года № 34/238 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск»**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 504 «Об утверждении Типовых правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан», городской маслихат **РЕШИЛ:**

1.Внести в решение XXXIV сессии Приозерского городского маслихата от 25 июня 2014 года № 34/238 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2690, опубликовано в газете «Приозерский вестник» от 25 июля 2014 года № 30/363, в информационно-правовой системе «Әділет» 29 июля 2014 года) следующие изменения и дополнения:

в Правилах оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск, утвержденных указанным решением:

подпункт 4) пункта 9 изложить в следующей редакции:

«4) наличие среднедушевого дохода, не превышающего порога 0,6 кратном отношении к прожиточному минимуму.»;

дополнить пунктом 16-1 следующего содержания:

«16-1. При обращении заявителя за социальной помощью на основе социального контракта проводится собеседование с гражданином.»;

дополнить пунктом 25-1 следующего содержания:

«25-1. Социальная помощь на основе социального контракта предоставляется на условиях участия трудоспособных членов семьи (лица) в мерах содействия занятости и случае необходимости социальной адаптации членов семьи (лица), включая трудоспособных на срок действия социального контракта активизации семьи и выплачивается ежемесячно или единовременно за три месяца по заявлению претендента.»;

дополнить пунктом 25-2 следующего содержания:

«25-2. Социальный контракт активизации семьи заключается согласно формам, утверждаемым приказом Министра здравоохранения и социального развития от 23 февраля 2015 года № 88 «Об утверждении формы социального контракта активизации семьи и индивидуального плана помощи семье» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 10474).»;

дополнить пунктом 25-3 следующего содержания:

«25-3. Социальный контракт активизации семьи заключается на шесть месяцев с возможностью пролонгации еще на шесть месяцев, но не более одного года при условии необходимости продления социальной адаптации членов семьи, и (или) не завершения трудоспособными членами семьи профессионального обучения и (или) прохождения молодежной практики и (или) занятости в социальных рабочих местах.»;

дополнить пунктом 25-4 следующего содержания:

«25-4. Социальный контракт активизации семьи заключается в двух экземплярах один из которых выдается заявителю под роспись в журнале регистрации, второй – хранится в уполномоченном органе, заключившим социальный контракт активизации семьи.»;

пункт 30 изложить в новой редакции:

«30. Мониторинг и учет предоставления социальной помощи проводит уполномоченный орган с использованием баз данных автоматизированной информационной системы «Е-Собес» и «Социальная помощь».».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель сессии Е. Балтышев**
**Секретарь маслихата Б. Сарсембеков**

# КҮЙЗЕЛІСПЕН КҮРЕСУ

*Біздің сұқбат*

Қазіргі кезде көптеген жасөспірімдер мен жастар күйзеліске түсіп, өзінің өміріндегі шешілмей жатқан мәселелерін ішке сақтап, қолайсыз жайттарға тап болуда. Тіпті өздеріне қол жұмсап, жазым болып жатқандардың бар екені жасырын емес. Күйзелістен шығудың жолын табу үшін өзіңіздің шамаңыз жетпеген жағдайда психолог маманының кеңесін тыңдап, дұрыс бағыт-бағдар алуларыңызға болады. Приозерск қаласының жастармен жұмыс ресурстық орталығында жастарға күйзелістен арылуға және қорғануға психологиялық кеңес өткізіледі. Осы мәселеге байланысты аталмыш орталық психологы А.А.Ахмеджановамен шағын сұқбат жүргізген едік, осы сұқбатты оқырман назарына ұсынамыз:

**Тілші:** *Күйзеліс деп нені түсінеміз? Осыған қысқаша түсінік беріңізші.*

**Психолог:** Күйзеліс адамды депрессияға алып келетін көңілдің күйі. Әрине, қазіргі қым-қуыт тірлікте күйзелістен қашып құтылу мүмкін емес шығар. Ауа райының күрт ауысуы, жұмыстағы проблемалар, ұрыс-керіс, денсаулық мәселесі, қымбатшылық, отбасындағы келеңсіздіктер – мұның барлығы адамды жан күйзелісіне алып келетін жайттар. Жан күйзелісі тек көңіл күйге әсер ететін психологиялық фактор ғана емес, адам денсаулығына кері әсер ететін проблема. Одан кез-келген адам өздігінше арыла алмауы мүмкін.

**Тілші:** *Күйзеліс бар адамға бірдей әсер ете ме?*

**Психолог:** Күйзелісті әркім әртүрлі қабылдайды. Және әртүрлі күреседі немесе күрсуге тырысады. Біреу эмоциясын көрсетсе, біреу сыртқа білдірмей, ішінде ұстайды. Осы факторлардың ішінде эмоцияны іште ұстау өте зиянды. Ол түрлі ауруларға алып келуі мүмкін және бір келеңсіз жағдайға ұшыратуға ықпал етуі ықтимал.

**Тілші:** *Күйзеліспен қалай күресе аламыз?*

**Психолог:** Күйзеліспен күресе білу адамның ақыл-ойының, парасатының, таным-түсінігінің деңгейіне тікелей байланысты. Әрине, қазіргі уақытта оған қарсы түрлі дәрі-дәрмектер бар. Алайда дәрілердің барлығы уақытша көмектесетінін ескеру қажет. Қорғанудың ең басты әдісі – барынша өз қалауыңыз бойынша өмір сүру. Жақсы демалып, спортпен айналысып, денсаулықты күту керек. Күнделікті ас ішіп, аяқ босатудан да басқа қызықты нәрселер бар екенін ескеріп, өзіңіздің сүйікті ісіңізбен айналысу, ақыл-ой көкжиегін кеңейту, көп іздену, біліміңізді кеңейту, күйгелек болмау, өмірді көрген кісілермен әңгімелесу, міне, қорғанудың жолдары. Бұдан өзге жол жоқ.

**Тілші:** *Бұдан басқа да жолдары жоқ па?*

**Психолог:** Бар, әрине. Көңіл күйіңізді түсіретін ойларға берілмеуге, жақсы үміттерге сенуге тырысу қажет. Күйзеліс кезінде дене шынықтыруға бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлген дұрыс. Тіпті болмаса, ән айтып, далада серуендеуге тырысқан жөн. Барлығынан безіп, жападан-жалғыз теледидардың алдында жатқан адамның күйзелістен құтылуы екіталай. Өзіңізге жақын адамдармен жиі араласыңыз, отбасындағы, туған туыстардың үйіндегі тойларға, қонаққа жиі барыңыз. Сіздің қамқорлығыңызға, мейіріміңізге зәру ата-аналарыңыздың, үлкендердің, қарттардың, бауырларыңыздың хал-жағдайын сұрап, көмектесуге тырысыңыз. Біреуге жақсылық жасаған адамның көңіл күйі көтеріліп қалады.

Ең бастысы, кез келген жағдайда сабырлы болуға тырысыңыз. Өмір болған соң, қиындық болмай тұрмайды, сондай жағдайларда ең бірінші сабырлылық керек. Қиындықтың барлығы да өтпелі, сондықтан өмірден түңіліп, ашуға берілуге, сөйтіп, өз денсаулығыңызды нашарлатып алуға жол бермеңіз.



**Тілші:** *Маңызды әңгімеңіз үшін көп рахмет!*

Қорытындылай келе айтар болсақ,, қазіргі кезде күйзелістіде жеңуге болады деген сенімге еріп, өз бойларыңыздан қорқынышты, ренішті ұмытып өзіңізді аулақ ұстауға тырысыңыз. Психолог кеңес алушыға өзінің бағыт бағдарын көрсеткенімен, күйзелісті жеңе білу өз бойыңыздағы бай күшіңізге байланысты. Сол үшін әрбір қала жастары мен тұрғындарына күйзелістің оңтайлы шешімін іздесеңіз психолог маманының кеңесіне жүгінгеніңіз жөн. Арнайы маман Сізге қол ұшын созуға дайын.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі*

*Әдептен озбайық !*

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ МОРАЛЬДЫҚ-АДАМГЕРШІЛІК БЕЙНЕСІНЕ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ҚАСИЕТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды жоғарылату мақсатында «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары)» бекітілген.

Осы Жарлық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді және ресми жарияланды.



Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Қоғам мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді.

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатын жақтауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға тиіс.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің осы әдеп кодексі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Сол сияқты, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызмет жарғысының талаптарна сәйкес:

Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті борышы және міндеті болып табылады. Әскери қызмет өткеру қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады, әскери қызметшілердің адамгершілігі мен моральдық-этикалық келбетіне жоғары талаптар қояды.

Әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін (қызметтік міндеттерін) орындау кезінде мемлекеттік қызмет өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Приозерск гарнизонының Әскери полиция бөлімінің жеке құрамына «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары)» әр қызметшіге қол қою арқылы түсіндіріліп жеткізілді және кодекстің мәтіні Бөлім ғимаратында баршаға көрінетін жерде орналастырылды.

Өз атымнан барлық мемлекеттік қызметшілерді әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтауға шақырамын.

**М. Оразов,**
*Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімінің бастығы, подполковник*

*Заңнамадағы жаңалық*

# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ КИІМ НЫСАНЫН КИЮ ҚАҒИДАЛАРЫ

ҚР ҚМ 2013 ж. 14.03. № 106 бұйрығымен әскери киім нысанын киіп жүрудің және айырым белгілерін тағудың тәртібі:

Жоғары офицерлер құрамы, офицерлер құрамы, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) мынандай әскери киім нысанын киіп жүреді:

1)ерекше салтанатты – салтанатты рәсімдерде орындау кезінде;

2) салтанатты:

сап үшін - парадтарға қатысқан;

саптан тыс – парадтық есептоптан тыс парадтарға қатысатындар;

3) күнделікті;

4) далалық;

5) арнайы;

Саптық байқаулар, сапқа тұрғызулар және қызметтік кеңестер мен жиналыстар үшін киіс нысанын осы іс-шараларды өткізген адамдар жариялайды.

Жазғы немесе қысқы киім нысанына көшу, заттай мүлік заттарын көктемгі уақытта киюді бастау және күзгі уақытта киюді тоқтату гарнизондар бастықтарының бұйрықтарымен белгіленеді.




Әскери қызметші басқа гарнизонда уақытша болған кезде осы гарнизон үшін белгіленген маусым бойынша киім нысаны киіледі.

Қарауылдық қызметті атқару кезінде әскери киім нысанын кию тәртібі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғысымен айқындалады.

Офицерлерге, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін сарбаздарға (матростарға), сержанттарға (старшиналарға) қызметтен тыс уақытта әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) нұсқауы бойынша азаматтық киім киіп жүруге рұқсат етіледі.

Жылы киімдер (қысқа тондар, пима, теріден тігілген биялай мен басқа да заттай мүлік заттары) қысқы уақытта төмен температура кезінде әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) нұсқауы бойынша киіледі.

Арнайы киімді кию уақытын әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) айқындайды.

Арнайы киім ротаның (батареяның) ұйықтайтын үй-жайынан тыс арнайы шкафтарда, қоймаларда, жекелеген сөрелерде немесе ілгіштерде сақталады.

Арнайы және жұмыс киім нысаны тек әскери бөлімдер мен мекемелердің аумағында киеді.

Барлық әскери қызметшілерге көшеде жүргенде әскери киім нысанын ұқыпты, таза жүрулеріңізді сұраймын.

**Ғ.Күлейменов,**
*Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімінің әскери полиция бөлімшесінің бастығы, майор*

*Қала тұрғындарының назарына*

# «ӨРЛЕУ» ЖОБАСЫ: ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ

Солай болса Сізге Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жолығып, бағдарламаға қатысу туралы шешім қабылдау үшін әңгімелесуден өтіп, тегін өтініш нысанасын алып, құжаттарыңызды тапсырып, «Өрлеу» жобасына қатыса аласыз ба соны біліңіз.

**1.Өрлеу жобасы деген не?**

«Өрлеу» - отбасының әлеуметтік белсенділігін арттыру бағытындағы мемлекеттік шартты ақшалай көмек (ШАК) көрсетудің эксперименттік бағдарламасы. Бағдарламаға орташа айлық табысы жан басына шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейі 60 пайыздан төмен болатын отбасылар (азаматтар) қатыса алады.

**2. Жоба неге шартты деп аталады?**

Отбасы шартта көрсетілген әлеуметтік талаптарды орындаған кезде ғана ақшалай көмек ала алады.

**3. Отбасының белсенділігін арттыру жөніндегі әлеуметтік келесімшартта қандай талаптар қойылады?**

Жобаға қатысушы отбасы міндетті түрде әлеуметтік жағдайға бейімделуі үшін қиындықты (жұмысқа орналасу, оқу, қосымша жаңа мамандық алуы үшін қайта даярлықтан өту және т.б.) жеңе білуі керек. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өз кезегінде отбасының әлеуметтік белсенділікті қолдау мақсатында жұмыспен қамтып, ай сайын ақшалай көмек беруге міндеттенеді. Ақшалай көмек отбасының орташа табысы мен ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызы аралығындағы айырмашылықпен бағамдалады.

**Сонымен, Сіз балаларыңыздың болашағы үшін тұрмыс сапасын жақсартуға дайынсыз ба?**

**«Өрлеу жобасы» Сіздерді асыға күтеді. Анықтама телефоны: 8(71039)53267**

**Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

*Ұқыпты бол, сарбаз !*

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОЛ ЖҮРУ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЗАҢЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Қазақстан Республикасының жол жүру қозғалысының Заңына 2015 ж. 17.11. күні өзгерістер енгізілуіне байланысты, Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімінің бастығы, Приозерск қаласының ішкі істер бөлімінің қызметкері және Приозерск гарнизонының бастығы, әскери автомобильдік полиция бөлімшесінің бастығы әскери бөлім қызметшілерімен жеке жиын өткізіп, жиынға Приозерск гарнизонының әскери бөлімдерінің барлық әскери қызметшілері қатысты. Жиын барысында жеке құрамға жол жүру қозғалысының Заңына өзгерістер енгізілгендігі туралы тардың талаптарына қарамастан, пайдаланатын көліктердің саны кеміткенде де көлік оқиғалары мен зардап шеккендердің саны жылдан жылға жоғары деңгейді көрсетіп отыр. Сонымен қатар, жол жүру қозғалысын енгізу өзгерісіне жиында әскери қызметшілердің қойылған сұрақтарына жауап берілді.

Осы өткізілген жиыннан кейін, Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімінің әскери автомобильдік полиция бөлімшесінің қызметшілері Приозерск гарнизонының әскери бөлімдердегі техниканы дұрыс пайдалануын, ұйымдас-



жеткізілді.

Осы өткізілген іс-шара бойынша әскери қызметшілердің құқықтық көз қарасын кеңейту деңгейінде және заңды бұзушылыққа жол көлік оқиғалардың болдырмау алдын алу мақсатында, 2015 жылда әскери қызметшілермен болған жол-көлік оқиғаларының бейне слайдтары көрсетілді. Әскери көліктегі апаттарды төмендету және оны пайдаланудың ұйымдастырылуын жақсарту жөніндегі іс-шараларды регламенттік басшылық құжаттырылуын, тиісті тәртіпке келтіру бойынша іс-шаралар өткізді, Приозерск қаласының жолпатруль полициясы қызметкерлерімен бірлесіп әскери қызметшілердің жеке көлік жүргізуін қадағалайды.

**Б.Сайлов,**
*Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімінің әскери автомобильк полиция бөлімшесінің бастығы (гарнизондық ұсталған машиналарды жинау пунктінің бастығы)-жүргізуші, кіші сержант*

**ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ**

# СУ ЖАЙЫЛУЫ, СУ ТАСҚЫНЫ МЕН ТОПАН СУ БАСУ ҚАУПІ ЖӘНЕ БОЛҒАН КЕЗІНДЕГІ ЖАДНАМА

10.02.2014 ЕСЭДО ГО (версия 7.13.5) Қалалар, селолық аудандар, ауылдық округтер **ӘКІМДІКТЕРІНІҢ** міндеті:

-су қоймаларына, гидротехникалық ғимараттарға жақын орналасқан, жақын тұратын елді мекендердің **тұрғындарын хабардар ету сызбасын** жасаңыз. Қолда бар барлық (байланыс құралдары, көлік, географиялық ерекшеліктерін, жолдар жағдайын және т. б.) ресурстарды есепке алыңыз;

-ТЖ қаупі мен оның болғаны туралы, байланыс құралдары жоқ болса, ауызба-ауз хабарлау үшін, тұрғындар тарапынан алдын-ала хабаршыны анықтаңыз;

-гидротехникалық ғимараттардың меншік иелері және басшыларымен тұрақты байланыста болып, ТЖ қаупі және ол болған жағдайда, алдын-ала өзара әрекеттестікті келісіп алыңыз;

Гидротехникалық ғимараттардың **БАСШЫЛАРЫ (МЕНШІК ИЕЛЕРІ):**

-қар көп түскен жерлерден қарды, су басу болуы ықтимал аймақтардағы арналар мен су ағатын жүйелерді тазартып, су жіберетін құрылғылар мен механизмдерді алдын-ала, дер уақытында жөндесін;

-ТЖ қаупі болуы туралы мемлекеттік органдар мен тұрғындарды дер кезінде хабардар етіңіз;

Су басу қаупі елді мекендерде тұратын **ТҰРҒЫНДАР** ТЖ туралы хабарды алысымен мыналарды орындауы қажет:

-электр энергиясы мен газды өшіріп, қажетті мүліктерді, ішетін тамақты жинақтап, ауыз судың қорын жасап эвакуациялық (көшу) шараларына дайын отырыңыз;

-қауіпсіз аймаққа үй малдарын, құстарды дайындаңыз. Жер төлелерден және басқа орындардан тамақтарды алып, үй шатырына немесе су баспайтын жоғары орындарға орналастырыңыз;

-үйді және шаруашылық жайларды жергілікті үкімет өкілдеріне күзетке тапсыруға дайын болыңыз;

жергілікті өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз. Алған ақпараттар туралы көршілеріңізге хабарлаңыз, ол туралы ауру және қарт адамдарға көмектесіңіз. Қандайда болмасын жағдайда үрейге бой бермей, өзіңіздің басқаруыңызды жоғалтпаңыз.

**Приозерск қ. ТЖ Бөлімі**

# ПАМЯТКА ПРИ УГРОЗЕ И ВОЗНИКНОВЕНИИ ПОЛОВОДЬЯ, ПАВОДКОВ И НАВОДНЕНИЯ

**АКИМАТЫ** городов, районов, сельских округов должны:

-разработать **схему оповещения населения**, проживающего вблизи гидротехнических сооружений, водоемов. Учесть все имеющиеся ресурсы (средства связи, транспорт, географические особенности, состояние дорог и др.);

-в случае отсутствия средств связи, определить из числа жителей посыльных, нарочно оповещающих об угрозе и возникновении ЧС.

-иметь постоянную связь с собственниками и руководителями гидротехнических сооружений, заблаговременно согласовать взаимодействие при угрозе и возникновении ЧС.

**РУКОВОДИТЕЛИ (СОБСТВЕННИКИ)** гидротехнических сооружений должны:

-заблаговременно провести уборку снега в местах его большого скопления, очистку отводных русел и каналов, ремонт механизмов и устройств сброса воды, организовать беспрепятственный пропуск талых вод из возможных зон и участков затопления;

-заблаговременно оповещать государственные органы и население об угрозе возникновения ЧС.

При получении сообщения о ЧС, **НАСЕЛЕНИЮ**, проживающему в населенных пунктах с угрозой затопления необходимо собрать вещи, продукты питания, запастись питьевой водой, отключить газ и электроэнергию и быть в готовности к эвакуационным мероприятиям;

-подготовить домашний скот, птицу к эвакуации в безопасные места. Изъять из погребов и других заглубленных помещений, продукты питания и разместить на чердаках или других недоступных для затопления помещениях;

-быть в готовности сдать дом и хозяйственные помещения под охрану представителям местной власти;

-повсеместно обеспечить пожарную безопасность. О полученной информации сообщите соседям, окажите в этом помощь престарелым и больным. В любой обстановке не теряйте самообладание, не поддавайтесь панике.

**Отдел по ЧС г.Приозерск**

## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

**В связи с тем, что ежегодно 15 марта мировая общественность отмечает Всемирный день прав потребителей, 11 марта 2016 года в РГУ «Приозерское городское управление по защите прав потребителей» будет проводиться «День открытых дверей» по вопросам прав потребителей.**
**Телефон для справок: 8 (71039)54113**

**РГУ «Приозерское городское управление по защите прав потребителей»**

## СЧИТАТЬ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

**Свидетельство об окончании основной школы** СШ № 23 ст. Сары-Шаган Актогайского района Карагандинской области № 2251579, выданное 22.06.2006 года на имя **Базарова Акерке Сагымбаевна**, 1990 г.р., в связи с утерей.


**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**
**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**

**Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81**
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час. Выходной - Понедельник**

**НА МАНИКЮР И ПЕДИКЮР запись по телефону: 8-771-699-32-89**





*Өнер – жастан, асыл – тастан!*

# ҚОБЫЗ ҚҰШАҚТАҒАН ҚЫЗ



Адам бойында талант пен дарын бір пайыз болса, тоқсан тоғыз пайызын еңбекпен ашылады дегенге толық қосылуға болады. Кішкентай кезінен томағатұйық, жуас болып өсіп келе жатқан Әселдің бойында тұнып жатқан талант барын ең әуелі байқап, таныған анасы Гүлбира еді. Есін біле бастағаннан өзге балалардан бөлектеніп, ой құшағында жүретін, түнде ұйқысынан жиі шошып оянатын қызының қандай да бір тылсым күшке ие екенін, немесе тіл-сұқ тиіп жүргенін анық аңғара алмай басы қатқанда жақын-жуықтарына айтқанымен, ешкім оның сөзіне мән бере қоймаған болатын. Бұл әулеттің арғы тегінде әруақты кісілердің, нағашы жұртында көріпел әже, өз тарапынан түп нағашыларында айтулы бақсы өткенін де қаперіне алмаған айналасы бір құдайдан шарапат тілеп жүре берген. «Түсіме қобыз кіреді мама, қобыз құшақтап жүремін» дейтін кішкентай қызының ішкі жандүниесін анасынан басқа ұққан адам болмады. Анасы бұл нышанды көңіл түкпіріне сақтап қалған еді. Мектеп табалдырығынан аттап, екінші сыныпты бітіргенде анасы Әселді өнер мектебінің қобыз сыныбына беремін деп шешім қабылдағанда да оны құптай қойғандар көп болған жоқ. Әулетінде домбыра тартып, ән айтатындар болғанымен, қолдарына ұстап көрмеген қобыздан бір нәтиже шығарады дегенге сене қоймаған еді. Өз шешіміне нық бекіген Гүлбира қызын сол жылы Алматы қаласындағы А.Жұбанов атындағы республикалық қазақ мамандандырылған дарын-ды балаларға арналған музыка мектеп-интернатының қобыз сыныбына құжаттарын тапсырып, оқуға қабылданды да, Әсел белгілі күйші, қобызшы Саян Ақмолданың қолынан дәріс алатын болды.

Осы жерде жүргенде ғана Әселдің шын дарыны ашылып, бұрынғы бұйығы күйінен арылды, түнгі ұйқысынан шошып оянатынынан тиылды. Уақыт өтісімен қобыз аспабының қыры мен сырына қанығып, тез арада меңгеріп алды. Сыныбындағы 21 баланың бәрі де қобызшы болып, киелі аспатың құлағында ойнауға талаптанып келген, өнерді өмірім деп санайтын балалар еді. Алайда, аламанда шын жүйрік қана топтан оза шауып, бәйге алмақ. Әселдің дарыны мен қатар еңбекқорлығын таныған және бағалаған ұстазы оны өнер байқауларына қатыстырып, бағы мен бабын сынап көре бастағанда, өзінің шәкірт таңдауда жаңылыспағанын білген еді. Бұдан әрі республикалық, халықаралық деңгейдегі бәйгелерге қатыстыруға болатынын бағамдаған.




Өткен жыл Әсел мен ұстазы Саят Ақмолда үшін жемісті де, жеңісті жыл болды. Астана қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған XI Ұлттық Дельфий ойындарына ұлттық аспаптардың қобыз номинациясы бойынша өнер бәйгесіне қатысып, бірінші орынды жеңіп алды. Сол кездегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі А.Сәрінжіповтің қолынан арнайы диплом мен сертификатқа ие болды. Мойнына алтыннан алқа тағып, мектебінің абы-ройын асқақтатты. Өнерпаз қыз Әсел Уәлиқызы Қыдырмұраттың бұл жеңісі біздің қаламыздың, одан әрі Қарағанды облысының да мерейі деп білеміз. Сондай-ақ Әсел Құрманғазы атындағы консерваториясы халық аспаптары кафедрасының 70 жылдық мерейтойының құрметіне өткізілген республикалық байқауда жүлделі екінші орынды иеленді.

Қазір аталмыш өнер ордасының 9-сыныбында оқып жүрген Әселдің алға қойған арман-мақсаттары көп. Мектеп-интернатты бітіргенше үш жылы бар талапты қыз талай өнер жарыстарында топ жаратынына сенімді. Дарынды қызға өнердегі жолың ашық, жеңісті бола берсін деген игі тілегімізді бағыштаймыз!..

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**


**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ ***№ 09/445*** Тираж: 500 экз., объем- 2п.л., формат - А2, 8 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-702-604-02-60**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041


*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*